# БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

**Екі күн бойы аудан жұртшылығын дүбірге бөлеген Ұлттық спорт түрлерінен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында ұйымдастырылған облыстық фестиваль мәресіне жетті.**

Ұлттық ойындарды насихаттау және оны дамыту мақсатында спорттың 9 түрінен өткен шараға 7 аудан, 1 қала спортшылары қатысып бәсекеге түскен болатын.

Ұлттық спорттан өткен фестивальдің жабылу салтанатында сөз алған Қарағанды облысының ұлттық және ат спорты түрлері федерациясының президенті Нұржан Шайхин, Бұқаралық және балалар спортын дамыту орталығы басшысының орынбасары Талғат Әбдішев, Шет ауданы әкімінің орынбасары Орал Стыбаев фестивалді қорытындылап, жеңімпаздарды марапаттады.

Байрақты бәсекеде жерлестеріміз Шет ауданының спортшылары оза шауып, командалық есепте I орынды иеленсе, II орын Бұқар Жырау ауданының спортшыларына, ал III орынды Ақтоғай ауданының спортшылары еншіледі.

Ұлттық спорттан толайым табыстарға қол жеткізіп жүрген спортшыларымызды кезекті жеңістерімен құттықтаймыз!

Жеңісті күндер көп болсын!

*Өз тілшімізден.*









Шет шұғыласы. - 2024. - 18 шілде (№29). - 1 б.